



ШЕБЕР

ЖЫЛҚЫНЫҢ ҚЫЛЫН ЖАРАТҚАН



Қазақ жерін ежелден жылқы малы мекен еткен. Текті жануарды біздің бабаларымыз осыдан мыңдаған жылдар бұрын қолына үйретіп бастады. Содан бері жылқы қазақтың жорыққа шықса жолдасы, тіршілікте мұңдасы, жолсерігі әрі жансерігі болыпты. Оның етінің, сүтінің, майының, көкбауырының, сүйегінің, тобығының, терісінің, қылының емдік қасиеттері хақында толыққанды түсініктер бар. Сондықтан да «Жылқы - малдың патшасы» деп бекер айтылмаса керек.



басылып, жеңілдеп қалады. Ал, көрпеше қан айналымын жақсартып ұйыған жерді жазады.

Ал жылқының қылынан не жасауға болады? Шетпе ауылының тұрғыны Айтуған Ақжігітова – өткеннің мұрасы саналатын жылқы қылынан дайындалатын ұлттық киімдердің қайта сұранысқа ие болуына өз септігін тигізіп жүрген шебер.

– Мен мектепте оқып жүргенімде анам өрмек тоқытып, тігіншілікті үйреткені есімде. Кейін анам қайтыс болды, бірақ мен өрмекті және тоқыма тоқуды тоқтатпадым. Оқуды бітірген соң тігіншілігі қызығушылықпен қолға алдым. Қазіргі таңда ең сүйікті ісіме әрі табыс көзіме айналып отыр. Алғашында жұмысымды киім қысқарту, шағын көрпеше, жастықтар тігуден бастадым. Кейін үйімнің жанынан шағын цех ашып, жаңа тігін мәшинесін сатып алып, жадағай, сырт киімдерді тігіп жүрдім.

Кәсібімді дөңгелетіп жүргенімде, жылқы малының жалы мен құйрығын да пайдаланып көрейін деген ой келді.

Оны алып, жуып, тазалап, әуелі арқан қылып есіп көрдім. Ол арқан қылуға келмейді екен, бірікпейді. Содан кейін жіңішкелеп өріп, тақия жасап көрдім.

Кейін қылдан жасалған тақияны киіп көрген адамдар: "Басымның ауырғаны басылып, жақсы боп қалдым, маған да жасап берші", - деп ұсыныстарын айта бастады. Бара-бара қолым жаттыққан соң, тапсырыстар қабылдадым. Жылқының жалы мен құйрығын өңдеп, 12-13 құлаш етіп өріп, тақиялар тіктім. Бір тақияға 14-15 күн уақыт кетеді, сол себепті тек тапсырыспен ғана дайындаймын. Бірақ тапсырыс берушілердің дені оның емдік қасиетіне қызығады.

Қазір жастар ата дәстүрімізді заманауи бағытта өзгертіп, трендке айналдырып жүр. Сондықтан халық осындай тақияны тек сәндік үшін емес, емдік үшін күнделікті киісе де болады, – дейді шебер.

Тақиядан бөлек, апамыз жылқы қылынан ұлтарақ және шиді тоқып, бетіне өрілген қылды тігіп, арқаға басып жатуға арналған массаж көрпешесін тігеді.

Қылдан жасалған ұлтарақ аяғы ауыратын адамдарға өте пайдалы. Жаяу жүргеннен кейін аяғы ауырған адам бұл ұлтарақты аяқкиімнің немесе шұлықтың ішіне салып жүрсе аяғының талықсып ауырғаны

Шебер, тігін өнері әдемілік, көріктілік болған жерде сән-салтанат құрады. Бірақ мұны сәннен қалмайын деп емес, ұлттық өнерді жаңғырту мақсатында жасаған жөн дейді.

«Тігіншілік қазір сүйікті ісіме айналды», - деген көпөнерші кеше ғана мемлекеттен қолдау тауып 5 миллион теңгенің грантына ие болды. Енді алдағы уақытта тігін шеберханасына жабдықтар алып, көкжиегін кеңейтікі келеді. Жылқының қылын жаратып, болашақта сән әлемінде сап түзейтін киімдерді жарыққа шығарғысы келеді. Оның да ауылы алыс емес екеніне сенеміз.

Айтуған Ақжігітова - үйіндегі мүмкіндігі шектеулі ұлының күтіміне қараумен қатар адал еңбегімен ризығын тауып жүрген жан. Мұндай кісілер қоғамдағы сыныққа сылтау іздейтіндердің қатарынан емес. Керісінше, адал еңбегі - көпке үлгі!

Э.АМАНГЕЛДИН.

СПОРТ

Жуырда аудандық спорт және мәдениет бөлімінің ұйымдастыруымен балалар арасында футболдан аудандық жарыс өтті.



КӨҢІЛДІ ЖАЗ



Жарыстың мақсаты – балалардың жазғы демалысын тиімді өткізіп, салауатты өмір салтын ұстануына сеп болу.

Жарысқа ауданға қарасты ауылдардан 6 команда жиналды. Алғашқысында "Қосбулақ" командасының жолы болды. Олар финалға дейінгі командалармен жолығып,

айқын басымдықпен ұтып шыққанымен, финалда шетпелік "Азамат" командасының шекірттері топ жарды.

Жарыс жайлы "Азамат" командасының бапкері Нұрлан Бишенбаев:

– Бұл жарыс аудан көлемінде болып жатыр. Сонысымен қызықты әрі тартысты.

Э.АМАНГЕЛДИН.

МҰРАГЕРЛЕРІН ІЗДЕУ

Нотариус Дербисова Г.А. 2022 жылдың қыркүйек айының 15-де қайтыс болған азамат(ша) ҚОСАНОВ КОПБЕРГЕН ОТЕШОВИЧТИҢ мұрагерлеріне іздеу салады. Барлық мұрагерлеріне осы хабарлама шыққан күннен бастап 1 ай мерзім ішінде Маңғыстау ауданы, Шетпе селосы, Орталық көшеде орналасқан кеңсеге хабарласуыңызды сұрайды, тел: 8/72931/2-23-71 . + 7 707 777 96 82 . + 7 702 777 24 41.

№311

НЫСАН

ЖАҢА КЛУБ

Адамзат бойына ұлттық құндылық пен мәдениет өн, күй, тағылымды көрсетілім арқылы даритыны баршаға аян. Таң атқаннан, кеш батқанға дейін күйбең тіршіліктің қамымен жүрген ауылдағы ағайынның бір сәт түрлі сезімге бөленіп, рухани толысатын, сананы сауықтыратын мекені де осы десек жарасады.

Мәдениет қызметкерлері даярлаған шығармаларының көрермен көңілі төрінен орын алуы жайлы ғимаратқа, жанға жағымды жағдайдың болуына тікелей байланысты екені белгілі. Сондықтан бүгінгі таңда ауылдардағы ескі клубтарды жаңартып, қайтадан салу жұмысы қарқынды жүруде.

Маңғыстау ауданының 95 жылдығына орай "95 жылдыққа 95 игі іс" жобасы аясында Сайөтес ауылында ауылдық клуб құрылысы басталды.

Жобалық құны 691 007,9 мың теңге тұратын кітапханасы, оқырман, көрермен залдары, түрлі үйілмеге арналған кабинеттері бар 200 орындық клуб құрылысын мердігер мекеме «АС Құрылыс» ЖШС жүргізіп, нысанды қажетті құрал-жабдықтармен де қамтамасыз ететін болады.

Бұл ауылдағы мәдениет үйі ғимараты аудандағы мәдени ошақтардың арасында ең ескісі болатын. Осыған дейін әкімдердің есепті кездесулерінде, әлеуметтік желілерде айтылып келген сұраулы мәселенің шешімін табуы сайтестіктер үшін қуанышты жаңалық болмақ.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«АС Карьер» ЖШС Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданындағы Бектұрлы кен орнында сазды жыныстарды (құмды саз, саздақ) өндіруге 2023-2032 жылдарға әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған өтінім материалдары бойынша құрамында: шығарындылар нормативтерінің жобасы; қалдықтарды басқару бағдарламасы; өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы; қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары бойынша 2023 жылдың 21 қыркүйегінде сағат 11.00-де Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Оңды ауылы әкімдігінде ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізіледі.

Карантиндік шаралар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар Zoom бағдарламасы арқылы өтеді. Онлайн қосылымға сілтеме:

<https://us04web.zoom.us/j/3346574462?pwd=SDRWSmwyajZkaHhZbE1uK0o1YWxhUT09>

Конференция идентификаторы: 334 657 4462, кіру коды: 5n7w67 Бастамашының мәліметтері мен байланыс деректері: «АС Карьер» ЖШС Нұрбосынов А., Мекен-жайы: Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 27 шағын ауданы, 37 үй, 6-пәтер., БСН 160240015274; эл. адрес: karer-2000@mail.ru; байланыс телефоны: 87755526881

Жоба әзірлеушісінің мәліметтері мен байланыс деректері: ЖК Есіркепова Ж.Б. мекен-жайы: Ақтау қ., 27 ш/а, 2 үй, 39 кеңсе; эл. пошта: zhazirayess@mail.ru; телефон: 87015551683

Жоба материалдары www.ecoport.kz және <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/details/392799?lang=ru> сайтында орналастырылған.

Жоспарланған іс-шара туралы қосымша ақпарат алу үшін, сондай-ақ құжаттардың көшірмелерін сұрату үшін zhazirayess@mail.ru электронды поштасына және мына телефонға хабарласыңыз: +77015551683

Ескертулер мен ұсыныстар www.ecoport.kz сайтында қабылданады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

21 сентября 2023 г., в 11.00 часов, по адресу: Мангистауская область, Мангистауский район, в акимате села Оңды ТОО «АС Карьер» проводит общественные слушания в форме открытого собрания по Материалам к заявке на получение экологического разрешения на воздействие для ТОО «АС Карьер» на добычу для получения разрешения на добычу глинистых пород (супеси, суглинка) на месторождении Бектұрлы» на 2023-2032гг. в составе: проект нормативов допустимых выбросов; программа управления отходами; программа производственного экологического контроля; план мероприятий по охране окружающей среды.

В случае введения карантинных мер общественные слушания будут проходить посредством программы «Zoom». Ссылка на онлайн-подключение:

<https://us04web.zoom.us/j/3346574462?pwd=SDRWSmwyajZkaHhZbE1uK0o1YWxhUT09>

Идентификатор конференции: 334 657 4462, код доступа: 5n7w67 Реквизиты и контактные данные инициатора: ТОО «АС Карьер» Нұрбосынов А., Местонахождение: Мангистауская область, г. Ақтау, 27 мкр, 37 дом, 6кв. БИН 160240015274; эл. адрес: karer-2000@mail.ru; контактный телефон: 87755526881

Реквизиты и контактные данные разработчика: ИП Есіркепова Ж.Б., адрес: г. Ақтау, 27 мкр, 2 дом, 39 офис; эл. почта: zhazirayess@mail.ru; телефон: 87015551683

Материалы проекта размещены на сайте www.ecoport.kz <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/details/392799?lang=ru>

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, а также запросить копии документов можно по e-mail:zhazirayess@mail.ru и по тел.: +77015551683

Замечания и предложения принимаются на сайте www.ecoport.kz

№306

<p>МЕНШІК ИЕСІ:</p>  <p>MANGYSTAU MEDIA</p> <p>Директордың м.а. Лаура ТЫНДЫРҒАНОВА</p> <p>Қабылдау бөлімі, тел./факс: 20-48-34, mangystau.media@mail.ru</p>	<p>Жаңа ӨМІР</p> <p>аудандық қоғамдық-саяси газет</p> <p>Редактор – А.РАХМЕТОВА Тілші – Э.АМАНГЕЛДИН</p> <p>Газет «Маңғыстау-Медиа» ЖШС Ақпарат және дизайн орталығында беттелді. Беттеуші дизайнерлер – Э.СЕЙДАХМЕТОВА Асем РАБАЕВА</p>	<p>Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 6.02.2013 ж. есепке қойылып, №13356-Г куәлігі берілген.</p> <p>“Атырау-Ақпарат” ЖШС баспаханасында басылды. 060005, Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А. Тел: 8 7122 458-660, 586-392.</p>  <p>Тапсырыс нөмірі: 0803 Таралымы: 633 Индекс: 65612 газет бағасы келісімді</p>	<ul style="list-style-type: none"> Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама, хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді. Редакцияға жолданған материалдарға рецензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды. Тақырыптық суреттер ғаламтордан алынады. 	<p>АҒА РАЙЫ БОЛЖАМЫ</p> <p>10 тамыз түнде: +25 күндіз: +38</p> <p>11 тамыз түнде: +26 күндіз: +38</p> <p>12 тамыз түнде: +26 күндіз: +39</p> <p>13 тамыз түнде: +26 күндіз: +38</p> <p>14 тамыз түнде: +26 күндіз: +39</p>
--	---	--	--	--